



Құрметті студент!

2018 жылы «Қызмет көрсету - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B090700	«Кадастр»	1. Геодезия 2. Жер ресурстарын басқару 3. Жер кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау 4. Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Геодезия
2. Жер ресурстарын басқару
3. Жер кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау
4. Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу

2. Тестілеу уақыты – 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Геодезия

1. Негізгі теодолиттік түсіріс түрлері:

- A) ситуациялық
- B) аспалы
- C) масштабсыз
- D) пландық
- E) тұйық (полигон)

2. Азимуттар мен дирекциялық бұрыш арасындағы байланыс:

- A) $\gamma = 360^\circ - r$ [СБ]
- B) $\gamma = 0 - 90^\circ$
- C) $A = A_{\text{маг}} \pm \delta$
- D) $A_{\text{маг}} = \alpha - \delta + \gamma$
- E) $\gamma = A_{\text{ш}} - \alpha$
- F) $\alpha = A_{\text{маг}} + \delta - \gamma$

3. Масштабтың түрлері:

- A) негіздік
- B) геодезиялық
- C) сызықтық
- D) сандық
- E) көлденең

4. Техникалық нивелирлеу кезіндегі негізгі жұмыстар:

- A) штативке нивелирді орналастыру
- B) аралық нүктеден есеп алу (с)
- C) алдыңғы рейкадан есеп алу (в)
- D) журнал толтыру
- E) рейка табанын тексеру
- F) рейкаға дүрбіні бағыттау
- G) нивелирді тексеру

5. Ара қашықтықты тікелей өлшеуде қолданылатын аспаптар:

- A) калькулятор
- B) рулеткалар
- C) өлшеуіш ленталар
- D) буссоль
- E) өлшеуіш сымдар

6. Теодолиттің санақ алу тетігінің негізгі түрлері:

- A) штрихты микроскоп
- B) дүрбілі
- C) микрометр
- D) планиметр
- E) келтіруші
- F) гониметр

7. Арақашықтықты өлшеудегі оптикалық өлшеуіштің түрлері:

- A) рейкамен өлшеу
- B) рулетка
- C) горизонталь бұрыш өлшеуіш
- D) тұрақты базисті қашықтық өлшеуіш
- E) тұрақты параллактикалық бұрышы бар өлшеуіш

8. Теодолитті жұмысқа әзірлеу келесі кезендерден тұрады:

- A) тордың қиылысын нүктеге әкелу
- B) тіктеуішті нүктеге келтіру
- C) дүрбінің объективін центрлеу
- D) штативті теодолитпен біріктіру
- E) дүрбіні бағдарлауға ыңғайлау

9. Планиметрмен аудан өлшеуге анықталған мөндер:

- A) бастапқы санақ
- B) рычагтар арасы бұрышы
- C) планиметрдің санақтар айырмасы
- D) планиметр штрихының бір бөлігінің бағасы
- E) рычагтың айналу ауданы
- F) планиметр салмағы

10. Тура геодезиялық есептеуде соңғы нүкте координатын анықтауға қажетті шамалар:

- A) дирекциондық бұрыш
- B) панның масштабы
- C) қима биіктік
- D) кездейсоқ қателік
- E) магниттік азимут
- F) румб

11. Теодолиттік түсірісте жер бетінде орналасу жағдайын түсіру әдістері:

- A) толық әдіс
- B) бұрыштық қиылыстыру
- C) аэрофототүсіріс
- D) жарты айналым
- E) нивелирлеу

12. Кері геодезиялық есептеудегі анықталатын шамалар:

- A) соңғы нүкте координаты
- B) сызық ұзындығы
- C) ординаты өсі бойынша өсімше
- D) бағыттың румбы
- E) бағыттың дирекциондық бұрышы
- F) абцисса өсі бойынша өсімше
- G) бастапқы нүкте координаты

13. Шеңберлі қисықтың басты нүктелері:

- A) қисықтың бисектрисасы (Б]
- B) қисықтың ортасы (қо)
- C) қисықтың радиусы (r)
- D) қисықтың соңы (қс)
- E) пикет (пк)
- F) қисықтың басы(қб)

14. Қисықтың негізгі элементтері келесі өрнектермен анықталады:

- A) $K = \pi R\theta/180^\circ$
- B) $h_o = (d_c + d_o)/2$
- C) $h = i - b$
- D) $T = R \operatorname{tg}(\theta/2)$
- E) $v = d_c - h_o$
- F) $H_{k-1} = K_k + h$
- G) $D = 2T - K$

15. Техникалық нивелирлеудің шектік қатесі келесі өрнекпен анықталады:

- A) $f_h = \sqrt{L}$ мм
- B) $f_h = 10\sqrt{L}$ га
- C) $f_h = 5 \cdot n \cdot \delta_h$
- D) $f_h = 1,5\sqrt{n}$ мм
- E) $f_h = 5\sqrt{L}$ см
- F) $f_h = 10\text{мм}\sqrt{n}$
- G) $f_h = 50\sqrt{L}$ мм

16. Нивелирлік рейкалардың түрлері:

- A) 2Т30
- B) дальто
- C) РН-05
- D) РН -3
- E) РН -10кл
- F) РН -3
- G) РН -3к

17. Тахеометрлік түсірістің өңдеу жұмыстары келесі кезеңдерден тұрады:

- A) тахеометрді түсіру нүктелеріне орналастыру
- B) түсіру нәтижелері арқылы тахеометрлік түсіріс журналын толтыру
- C) журналда түсірістің абрисін көрсету
- D) өзара биіктік шамаларын үйлестіру және түсіру нүктелерінің биіктіктерін есептеу
- E) рейкалық нүктелердің биіктігін есептеу
- F) тахеометриялық түсірістің планын салу

18. Тахеометрлік түсірістің өңдеу жұмыстарында қолданылатын формулалар:

- A) $HO = [DO - DC] / 2$
- B) $h = a - b$
- C) $h = i - b$
- D) $H_{рейj} = H_{ст} - h_j$
- E) $H_i = A\Gamma - a$
- F) $H_{i+1} = H_i + h_{түз}$

19. Тахеометрлік түсірістің ізденіс кезіндегі негізгі түсіру масштабтары:

- A) 1:500
- B) 1:2000
- C) 1:10000
- D) 1:30000
- E) 1:1500
- F) 1:200

20. Тахеометрлік түсірістің планын салу келесі ретпен орындалады:

- A) горизонтальдардың қима биіктіктерін анықтау
- B) нүктелердің биіктік мәндерімен интерполяциялау және горизонтальдарды салу
- C) планға рейкалық нүктелерді реттік санымен биіктіктерін көрсетіп орналастыру және ситуацияны түсіру
- D) жобалық беттің кеңістігін есептеу
- E) панның масштабын анықтау
- F) көлденең профильдерді көрсету
- G) бойлық профильдерді салу

21. Жермен байланысты координат жүйелері:

- A) өзгертілген геодезиялық
- B) жалпы жерлік
- C) тік бұрышты шартты
- D) математикалық
- E) географиялық

22. Мемлекеттік пландық торлардың пунктерінің сыртқы белгілері:

- A) Реперлер
- B) Ағаш бақандар
- C) Қарапайым сигналдар
- D) Күрделі сигналдар
- E) Шөгу маркалары
- F) Темірбетонды бақандар
- G) Рельстер

23. Межелік тіректік тор пунктерінің тығыздығы кем болмауы тиіс:

- A) аумағы 2 км^2 аз елді мекендерде – бір елді мекенге 4тен
- B) қала аумағында 1 км^2 - қа 3тен
- C) аумағы 2 км^2 аз елді мекендерде – бір елді мекенге бдан
- D) қала аумағында 1 км^2 - қа 1ден
- E) қала аумағында 1 км^2 - қа 4тен

24. Триангуляцияның негізгі сипаттамалары:

- A) Пирамида
- B) Тура қиылыстыру
- C) Биіктік торлар
- D) Центр
- E) Нивелирлік жүрістер
- F) Призма
- G) Теодолиттік түсірістер

25. 2 разрядты толықтыру торының негізгі сипаттамалары (триангуляция):

- A) $f_{\beta_{доп}} = 50''$
- B) $S \leq 3$ км
- C) $S \leq 10$ км
- D) $m_{\beta} = 5''$
- E) $S \leq 5$ км
- F) $f_{\beta_{доп}} = 20''$

Геодезия
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ

Жер ресурстарын басқару

1. Басқару субъектілері

- A) және заңды тұлғалар
- B) жеке тұрғын үй
- C) жер учаскелері
- D) жер
- E) жеке тұлғалар
- F) жылжымайтын мүлік

2. Басқа жүйелерге қарағанда басқару жүйесінің ерекшеліктері:

- A) аралас пайдалану
- B) жер ресурстарын ұтымсыз пайдалану
- C) байланыс орнату
- D) айырмашылықты таңдау
- E) жүйелердің қызмет ету процесінің түзу бағыты

3. Жер категориясы:

- A) суармалы жерлер
- B) ауыл шаруашылық кәсіпорын жерлері
- C) бұзылған жерлер
- D) елді мекендердің жері
- E) жекеменшік жерлері

4. Қазақстан Республикасының жер қорының нысаналы мақсатына сәйкес санаттары

- A) ауыл шаруашылық кәсіпорындарға арналмаған жерлер
- B) су қорының жерлері
- C) субтропикалық шөлді жерлер
- D) босалқы, орман алқаптары жерлері
- E) елді мекен жерлері
- F) субтропикалық-тау етегіндегі жерлер

5. Жерді ұтымды пайдалану аспектілері

- A) сандық
- B) сапалық
- C) салалық
- D) мақсаты
- E) экономикалық
- F) міндетті

6. Жер түсінігі:

- A) Қазақстан Республикасының егемендігі белгілінетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы
- B) жердің ерекшеліктері жайында мәліметтер
- C) қоғамдық ұйымдар мен облыстық билік органдары
- D) жердің бар және жоғы жайында мәліметтер
- E) еңбекті қолдануға мүмкіндік беретін адамның тіршілік мекені
- F) адамның өмір сүруіне қолайлы биологиялық жағдайлар қалыптасқан, қойнауы мен биосферасының саналуан байлығымен сипатталатын тіршілік мекені

7. Жер ресурстарын тікелей басқару жүйесінің жалпы қызметінде жасалатын әрекеттер

- A) бақылау
- B) есепке алу
- C) сабақтау
- D) салалау
- E) саралау
- F) жүйелеу
- G) аймақтау

8. Жер ресурстарын тікелей басқару жүйесінің жалпы қызметінде атқарылатын жұмыстар

- A) жерді сату және сатып алу
- B) жер мониторингін жүргізу
- C) жерді аймақтарға бөлу
- D) жер кадастрын жүргізу
- E) жерді санаттарға бөлу
- F) геоақпараттық жүйені құру және жүргізу

9. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеттері

- A) жер учаскелерін пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді
- B) жерге орналастыру жобасын жасайды
- C) жер учаскелерін есепке алады
- D) ҚР жер заңдарының бұзылуын анықтайды
- E) мемлекеттік органдардың, жеке, заңды тұлғалардың және лауазымды тұлғалардың ҚР жер заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді

10. Меншік құқығы түсінігі

- A) меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге құқығы бар
- B) меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін пайдалануға құқығы бар
- C) меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін шетел азаматтарына сатуға құқығы бар
- D) меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін ластауға құқығы бар
- E) меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін билік етуге құқығы бар

11. Басқарудың түрлері

- A) мемлекеттік
- B) қоғамдық
- C) ішкі шаруашылықтық
- D) сапалық
- E) көмекші
- F) мемлекет аралық
- G) дара

12. Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жерді пайдалану және қорғау саласында басқару қызметінің түрлері

- A) жер құқығын мемлекеттік тіркеу
- B) жер ресурстарын жоспарлау, болжамдау
- C) жерге орналастыру жұмысын жүргізу
- D) жер кадастр жұмыстарын жүргізу
- E) ауыл шаруашылық жерлерін зоналау
- F) бірыңғай мемлекеттік жер реестрі
- G) жерді бөлу және қайта бөлу

13. Жер төлемдерінің түрлері

- A) мониторингтік
- B) сатып алу төлемі
- C) жер салығы
- D) жалға беру төлемі
- E) жердің нормативтік бағасы

14. Жер рентасының түрлері

- A) кадастрлық
- B) дифференциалдық
- C) сапалық
- D) сандық
- E) мониторингтік
- F) экономикалық
- G) монополиялық

15. Рента жасаушы факторлардың жіктелуі

- A) жер кадастарының түрлері
- B) жердің құнарлығының әр түрлілігі
- C) қосымша салымдар тиімділігінің әртүрлілігі
- D) жеке тұлғалардың меншік құқығы
- E) орналасу орындарының әр түрлілігі
- F) жерге орналастыру түрлері
- G) заңды тұлғалардың әралуандығы

16. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі типтік программа-техникалық кешен құрылғыларының құрамы:

- A) құжаттарды көбейту құралдары
- B) коммуникация және байланыс құралдары (модемдер, факсмодемдер, теле станциялары)
- C) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар
- D) жер құрамының өзгерістері
- E) басқарудың барлық деңгейлері бойынша ақпараттың өте қысқа уақытта өтуі
- F) жер есептік және мәліметтерді рәсімдеу

17. Ақпаратты тиімді басқарудағы талаптар реті:

- A) даралану
- B) сипатталуы
- C) уақытылығы
- D) есептелуі
- E) саралануы
- F) саналуы

18. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес жер кадастрының мәліметтер базасын басқа кадастрлармен бірлестіруге мүмкіндік беретін бірыңғай бағдарламалық өнімі:

- A) ГАЗ технологияларды пайдаланып, көпқабатты векторлық карталар негізінде топырақтық және геоботаникалық картографиялау процестерін автоматтандыру
- B) МЖК ААЖ облыс және аудан орталықтарындағы кадрларды оқыту
- C) ЖКААЖ қызметін атқару бойынша нормативтік, құқықтық, әдістемелік жинағын дайындау
- D) жер ресурстарын басқару процестерінің мүмкіндігінше толық ақпараттары
- E) жер кадастр жүргізу процестерін автоматтандыруға қажет бірыңғай анықтамаларды дайындау
- F) жер учаскелерінің бөлінбеуі, ауыртпалықтар, шектеулер, жер учаскесінің тіркеу номері
- G) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар

19. Орталық уәкілетті орган қызметтері

- A) Қазақстан Республикасы азаматтарына жерді тегін таратады
- B) Жер заңнамасын бұзушылықтың жою шараларын қабылдайды
- C) Жерлерді есепке алу және жерді пайдаланушылар және иеленушілерді тіркеу
- D) Жерді ластауды анықтайды
- E) Жердің санаттар бойынша нормативтік құнын белгілейді
- F) Жерді кадастрлық бағалайды

20. Жер ресурстарын тура басқарудағы жалпы функциялар:

- A) анықтау
- B) нұсқамалар беру
- C) ұйымдастыру
- D) зерттеу
- E) бақылау
- F) іске асыру
- G) болжау

21. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органының құзыреті:

- A) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру
- B) іс-шаралар ұйымдастыру
- C) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау
- D) жерді иеленуді іске асыру
- E) білім беруді жүйелеу

22. Жер ресурстарын басқару жүйесінің тиімділігін бағалау сатылары

- A) жер санаттарын өзгертуді анықтау
- B) жаңа технологиямен қамтамасыз ету
- C) бақару шешіміне қатысу
- D) тиімділікті анықтау әдісі таңдау
- E) тиімділік түрін анықтау

23. Ішкі шаруашылықтық жерге орналастыру шешеді:

- A) жер мониторингін жүргізуді
- B) жер пайдаланушылықты қалыптастыруды
- C) шаруа қожалықтарын құрастыруды
- D) жерді пайдалану және қорғауды бақылауды
- E) алқаптарды ұйымдастыруды
- F) магистралдық жол жүйесін орналастыруды
- G) өріс аумағын құруды

24. Жылжымайтын мүлікке инвестиция тарту арқылы жер қатынастары реттелетін мемлекеттер

- A) Қырғызстан
- B) Болгария
- C) Англия
- D) Греция
- E) Испания

25. Шет елдердегі жер қатынастарын реттеу құрылымы:
- A) АҚШ – жерді түгендеу комитеті
 - B) Данияда – су комитеті
 - C) АҚШтың жерді иелену органы
 - D) Шотландияда – жерді тіркеудің өзіндік бюросы
 - E) Германияда – Ішкі істер министрлігі
 - F) Австралияда – жерді тіркеу бюросы

**Жер ресурстарын басқару
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**

Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

1. Басқарудың субъектілері

- A) билік етуші және әкімшілік құрылымдар
- B) заңды тұлға
- C) қаулылар
- D) жылжымайтын мүлік
- E) жеке тұлға

2. Басқару қызметінің ұйымдастыру жүйесінің түрлері

- A) шекаралық
- B) іздестірушілік
- C) көпшелік
- D) әкімшіліктік ұйымдастырушылық
- E) ұйымдастырушылықтық нормалау
- F) ұйымдастырушылық регламенттеу

3. Жер кадастры саласындағы мекемені басқарудың принциптері

- A) арнайы
- B) университеттік
- C) ғылыми тұрғыда негізделген
- D) мемлекеттік
- E) статистикалық

4. Мемлекеттік жер кадастрының принципі

- A) мәліметтердің белгілілігі
- B) мәліметтердің азаюы
- C) мәліметтердің көрнектілігі
- D) мәліметтердің анықтылығы, қол жетімділігі
- E) мәліметтердің құжаттылығы

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы мекемелер:

- A) Жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру дирекциясы
- B) Тұрақты мекемелер
- C) «Қазгеодезия» Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме
- D) «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАИМИ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік Кәсіпорны
- E) «Ұлттық картографо-геодезиялық қор». Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер ресурстарын басқару комитетінің негізгі міндеттері:

- A) жерді есепке алу
- B) жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды жүзеге асыру
- C) қала шегін белгілеу
- D) жобалау
- E) жер қатынастары, сонымен қатар геодезия және картография саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

7. Жерге орналастыру жобалары мазмұны бойынша бөлінеді:

- A) жер-құқықтық
- B) университеттік
- C) инженерлік-экономикалық
- D) экологиялық
- E) арнайы
- F) статистикалық
- G) мемлекеттік

8. Кәсіпорынды басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері:

- A) Экономикалық
- B) ҚР-ның басқа заңнамалары
- C) Жеке актілер, бұйрықтар, үкімдер, жарлықтар
- D) Нұсқаулар
- E) Құрмет тақтасы, мақтау қағаздарын пайдалану
- F) Ұжымдағы психологиялық климатты ескеру
- G) Ұжым мүшелерінің жеке мінез ерекшеліктерін ескеру

9. «Алматы қаласы Жерді пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

- A) арнулы жұмыстар жасау
- B) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, Қазақстан Республикасы жер заңдарының бұзылуын жою мәселелері бойынша міндетті нұсқамалар беру
- C) ережелер құрастыру
- D) әдістемелік нұсқаулықтар дайындау
- E) қызметтік куәлігін көрсеткен жағдайда, ұйымдарға кедергісіз кіру, меншіктегі және пайдаланудағы жер учаскелерін тексеру
- F) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы шешім шығару

10. Жоспарлау - басқарудың негізгі функция ретіндегі қызметтері

- A) қоршаған орта жағдайларын болжау
- B) экологияның даму бағытын анықтамау
- C) эрозияның даму бағытын анықтамау
- D) жерді басқару үшін есепке алу
- E) жер иеленушілерді тіркеу
- F) кәсіпорын ресурстарының дамуын болжау

11. Жер ресурстарын кеңістікте пайдалануды болжау – болашаққа құрылған жер балансы. Болжау құрудың жалпы үрдісі

- A) ақпараттар жасау
- B) карталар жасау
- C) жердің нақты пайдалануын зерттеу
- D) әр түрлі мақсаттағы және сапалы жерлерге болашақта қажеттілікті анықтау
- E) сандық карта жасау
- F) болашақ жер балансын құру
- G) тізілімдер жасау

12. Жер кадастрлық жұмыстарын болжау келесі материалдардың негізінде құрастырылады:

- A) кадастрлық істер
- B) тізілімдер
- C) реестрлер
- D) карталар
- E) жер баланстары
- F) жоспар алдындағы жиналған мәліметтер

13. Жер кадастрлық жерге орналастыру жұмыстарын нормалау түрлері

- A) кадастр нормасы
- B) уақыт нормасы
- C) жазу нормасы
- D) жерге орналастыру нормасы
- E) сызу нормасы
- F) қызмет көрсету нормасы

14. Болжаудың функциялары:

- A) жер бөліп беру
- B) жерлерді кадастрлық бағалау
- C) нақты болжау әрекеттерінің нәтижесінде ақпарат жинау
- D) жылжымайтын мүлікті тіркеу
- E) басқару шешімдерін ғылыми негіздеу
- F) болжам осы мәселеге балама шешімдерді қарастыруы мүмкін

15. Жоспарлау мақсаты

- A) басқару шешімдерін қабылдау мен практикалық іске асыруға бағытталған
- B) болжам осы мәселеге балама шешімдерді қарастыруы мүмкін
- C) болжамдық қызметтің нәтижесі ретінде пайда болады
- D) басқару әдісі қолданылады
- E) ғылыми көрсеткіштерді қарастыру
- F) индикаторға қол жеткізу үшін белгілі бір әрекеттерді орындау
- G) басқару шешімдерін қабылдау үшін ғылыми негіздеме жасау

16. Жер кадастрының базалық құжаттамалары

- A) Жер кадастры картасы
- B) Жер учаскесінің тіркеу номері
- C) Схема
- D) Жер жобасы
- E) МЖК ААЖ облыс және аудан орталықтарындағы кадрлар туралы мәлімет
- F) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар

17. Маркетингтік қызметтер

- A) жер есептік мәліметтерді тапсыру
- B) МЖК ААЖ қамтамасыз ету
- C) әртүрлі тұтынушылар топтарының мұқтажын, қажеттіліктерін, сұранысын анықтау
- D) жерге меншік құқығын беру
- E) тұтынушыға керекті және қажеттілігін қанағаттандыратын тауар шығару

18. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес жер кадастрының мәліметтер базасын басқа кадастрлармен бірлестіруге мүмкіндік беретін бірыңғай бағдарламалық өнімі

- A) жер учаскелерінің бөлінбеуі, ауыртпалықтар, шектеулер, жер учаскесінің тіркеу номері
- B) ЖКААЖ қызметін атқару бойынша нормативтік, құқықтық, әдістемелік жинағын дайындау
- C) МЖК ААЖ облыс және аудан орталықтарындағы кадрларды оқыту
- D) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар
- E) ГАЖ технологияларды пайдаланып, көпқабатты векторлық карталар негізінде топырақтық және геоботаникалық картографиялау процестерін автоматтандыру

19. Қазақстан Республикасы Үкіметінің еңбек қатынастарын реттеу саласындағы құзыреті
- A) еңбек сапасы тексереді
 - B) қызметкерлердің сауатсыздығын анықтайды
 - C) жұмыс мазмұнын анықтайды
 - D) орындалатын жұмыстың мақсатын айқындайды
 - E) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді
 - F) жұмыс орнында қызмет істеу барысын анықтайды
20. Жалақыны төлеу тарифінің түрлері
- A) тарифтік торлар
 - B) базалық ставкалар
 - C) бағалау коэффициенттері
 - D) түзету коэффициенттері
 - E) кадастрлық бағалау
21. Еңбек шартында қамтылатын мәліметтер
- A) тараптардың деректемелері
 - B) сату құзіреті
 - C) жұмыстың басы
 - D) тараптардың келісімділігі
 - E) басшылық арасындағы құзіреті
 - F) жұмысшы арасындағы құзіреті
22. Жер сапасын есепке алу және кадастрлық бағалаудың мақсаты
- A) кадастрлық жағдайды қалыптастыру
 - B) арнайы мақсатты ескере отырып, жер учаскесін пайдаланудың тиімділігін анықтау
 - C) жер пайдаланушыларын тіркеу
 - D) жер учаскелерінің шекараларын анықтау
 - E) түсініктемелерді анықтау
 - F) салық салу
 - G) географиялық координаттар жүйесін анықтау

23. Қаржылық қызметтің белгілі бір аудандардағы кәсіпкерлік саясатқа жатады:

- A) нарықтары
- B) салық
- C) амортизация
- D) динамикасы
- E) жоспар
- F) есептік жоспары
- G) кіріс құжаттары

24. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы-жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің құзыреті

- A) анықталмаған жер заңнамасын бұзушылықтарды зерттеу
- B) жер заңнамасы саласындағы жер істерін қарау
- C) экологиялық іс-шаралардың дұрыс жүргізілуін бақылау
- D) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру
- E) жер-кадастрлық картаны жүргізу
- F) жер-кадастрлық кітапты жүргізу
- G) жер-кадастрлық істі жүргізу

25. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мекеменің міндеті:

- A) медициналық сақтандыруды қамтамасыз етеді
- B) Тапсырыс берушінің талабы бойынша белгіленген тәртіпте ақпарат беру
- C) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қызметінің жұмысына рұқсат (лицензия) беру
- D) МЖК ААЖ деректерімен жерді басқару жобасының материалдарын сұралған жер учаскесінің шекараларын сәйкестендіру үшін салыстыру
- E) жұмысты уақытында орындауды талап етеді
- F) жер учаскесіне құқықты беру туралы нұсқаулыққа сәйкес жерді басқаруға арналған жобаны қарастырады
- G) бас қол қойған және мөрмен бекітілген жерді басқару жобасын қамтамасыз етеді

**Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**

Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу

1. Кадастрлардың негізгі түрлері

- A) көп мақсатты
- B) жалпы
- C) бөлек
- D) жеке
- E) бөлінбейтін

2. Жер пайдалану құқығының түрлері:

- A) бөлінетін
- B) толық
- C) тұрақты
- D) ұзақ мерзімді
- E) ұзын

3. Жер учаскелерін тіркеуді есепке алу үшін қажет:

- A) еңбекке қабілетті халық туралы ақпарат
- B) халық саны туралы ақпарат
- C) жер учаскесінің картографиялық құжаттарының бар болуы
- D) өнімнің өзіндік құны
- E) жер учаскесінің ауыртпалықтары туралы ақпарат
- F) ауыл шаруашылығы техникасының бар болуы

4. Мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік объектілері:

- A) көлік
- B) құрылыстар
- C) ақша
- D) жердің кадастрлық құны
- E) жердің нарықтық құны
- F) бағалы қағаздар

5. Мемлекеттік тіркеу объектісі ретінде жердің функционалдық мақсаты:

- A) су объектісі
- B) өндіріс құралы
- C) өндірістік объекті
- D) ауыл шаруашылығының өнімі
- E) жылжымайтын мүлік объектісі

6. Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу субъектілеріне жатады:

- A) жер учаскесінің меншік иелері
- B) кәмелетке толмаған балалар
- C) 16 жасқа дейінгі балалар
- D) 12 жасқа дейінгі балалар
- E) көршілер
- F) жер пайдаланушылар

7. Жерді есепке алу объектісі ретіндегі қасиеттері:

- A) қалыңдығы
- B) жердің құнарлылығы
- C) химиялық құрамы
- D) көлемі
- E) басты өндіріс құралы
- F) биіктігі

8. Қазақстан Республикасында жер учаскесі мемлекеттік тіркеу объектісі болып табылады:

- A) басқа мемлекеттің аумағында орналасқан
- B) қазіргі уақытта пайдаланылмайтын
- C) басты өндіріс құралы болып табылатын
- D) меншік иелеріне бекітіліп берілмеген
- E) жер пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген
- F) босалқы жерлер санатында орналасқан
- G) жылжымайтын мүлік объектісі болып табылатын

9. Мемлекеттік тіркеуге мәмілелердің мынадай түрлері жатады:

- A) жылжымайтын мүлік объектісін тексеру
- B) құнын есептеу
- C) жылжымайтын мүлікті түгендеу
- D) сыйға тарту
- E) пайданы есептеу

10. Жерді есепке алу кезінде анықталады:

- A) пайда мөлшері
- B) өнімнің өзіндік құны
- C) жауын-шашын мөлшері
- D) топырақтың сапасы
- E) жер учаскесінің кеңістіктік орналасуы

11. Жоспарлы-картографиялық материалдарға жатады:

- A) топырақ картасы
- B) жер-кадастрлық жоспар
- C) табиғи алқаптардың ауданы
- D) суармалы жерлердің ауданы
- E) суландырылған жайылымдардың ауданы
- F) жақсартылған жерлердің ауданы
- G) түбегейлі жақсартылған шабындықтардың ауданы

12. Жерді есепке алу құжаттарының түрлері:

- A) бөлінбейтін
- B) жалпы
- C) бөлек
- D) қосалқы
- E) бастапқы
- F) бөлінетін
- G) есепке алу

13. Бастапқы жерді есепке алу құжаттарына жатады:

- A) түсіріс материалдары
- B) бөлек
- C) бірлескен
- D) жерді түгендеу деректері
- E) топырақ және басқа да зерттеу материалдары

14. Жерді бастапқы есепке алуды жүргізу жағдайлары:

- A) залалды анықтау үшін
- B) аумақтың жыртылған коэффициентін есептеу үшін
- C) өндірістің жоғалту шығындарын анықтау үшін
- D) жерлерді қайталама тексеруден кейін
- E) жаңа және бар жер пайдалану қайта құрылғанда
- F) жерді қайтадан түсіруден кейін
- G) аумақтың экологиялық тұрақтылық коэффициентін есептеу үшін

15. Жерді бастапқы есепке алудың міндеттері:

- A) өнімдерді өндіру үшін шығындарды есептеу
- B) су пайдаланушылардың мөлшерін анықтау
- C) жерді суретке түсіру және зерттеу
- D) өнімнің өзіндік құнын анықтау
- E) жерді есепке алу мәтіндік құжаттарға бастапқы жазбаларды енгізу
- F) су пайдаланушылардың санын анықтау
- G) пайданы есептеу

16. Есептік кварталдар ретінде болуы мүмкін:

- A) бау-бақша және саяжай қоғамдары
- B) көп пәтерлі үй
- C) желілік объектілер (жолдар, құбырлар және т. б.)
- D) ел
- E) республика
- F) тұрғын үй

17. Жер учаскесін сәйкестендіруге қажетті мәліметтер:

- A) жер учаскесінің нақты шекаралары
- B) жер учаскесінің суландырылуы
- C) жер учаскесінің ауыртпалықтары
- D) топырақтың физикалық-химиялық қасиеттері
- E) бонитет балы
- F) топырақтың сапасы
- G) жер учаскесінің нысаналы пайдаланылуы

18. Жерді кадастрлық есепке алудағы есепке қажетті алынатын деректер:

- A) жер учаскесінің кадастрлық нөмірі
- B) жер учаскесінің меншік иесінің немесе пайдаланушының аты-жөні
- C) бонитет балы
- D) жер бедері жайлы мәлімет
- E) топырақтың механикалық құрамы
- F) гумустың қоры
- G) жер учаскесінің сумен қамтылуы

19. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірінің құрылымы:

- A) есептік кварталдың коды
- B) топырақ картасы
- C) жерге орналастыру схемасы
- D) облыстың коды және ауданның коды
- E) ауданның схемасы
- F) жер пайдаланудың схемасы
- G) жер учаскесінің есептік кварталдағы реттік нөмірі

20. Жерді мемлекеттік кадастрлық есепке алудың принциптері:

- A) жабықтылығы
- B) еңбекті ұйымдастыру
- C) әлеуметтік сипаты
- D) жер-кадастрлық учаскелеріне жылжымайтын мүлік объектілері туралы ақпаратты байланыстыру
- E) бұрын туындаған құқықтарды тану

21. АҚШ-дағы кадастрлық жүйенің ерекшеліктері:

- A) жер учаскесін бағалау индексі анықталады
- B) жерге орналастыру схемасы жасалады
- C) қаланы дамытудың бас жоспары жасалады
- D) парцеллалар бойынша деректер енгізіледі
- E) парцеллалар сипатталады
- F) ауылдың схемасы жасалады

22. Шет елдердегі жер кадастрының ерекшеліктері:

- A) халқының саны болжамды айқындалады
- B) мазмұны және оны жүргізу тәсілдері айтарлықтай ерекшеленеді
- C) айырмашылық жоқ
- D) өнім өндіру үшін шығындар есептелінеді
- E) жер кадастрының түсінігі айтарлықтай ерекшеленеді
- F) ұйымдастырушылық құрылымы айтарлықтай ерекшеленеді

23. Даниядағы жылжымайтын мүлік тізілімінің түрлері

- A) көпше
- B) жеке
- C) кадастрлық
- D) өзгеше
- E) жылжымайтын мүлік меншігінің муниципальды тізілімі
- F) жер (жер кітабы)

24. АҚШ мемлекеттік жер кадастрын басқармасында қамтылатын қызметтер

- A) ғылым министрлігі
- B) су қызмет
- C) топырақты қорғау қызметі
- D) сала қызмет
- E) жергілікті ақпараттық қызмет
- F) жерді есепке алу бюросы

25. Италияның мемлекеттік жер кадастрының функциялары
- A) заңдық
 - B) өсімдіктік
 - C) бөлінбейтін
 - D) салықтық
 - E) топографиялық

**Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу
ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ АЯҚТАЛДЫ**